

# **Жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларына арналған «Жоғары оқу орындарындағы менеджмент және көшбасшылық» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру Бағдарламасы**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Жоғары оқу орындарындағы менеджмент және көшбасшылық» педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру курстарының білім беру Бағдарламасы (бұдан ары - Бағдарлама) жоғары оқу орындарының (бұдан ары - ЖОО) педагогикалық мамандықтары оқытушыларына арналған.

2. Бағдарлама ЖОО педагогикалық мамандықтары оқытушыларына білім беру мен оқытудың заманауи технологиялар саласындағы кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға, білім беру ұйымдары мен олардың бөлімдерін басқару саласындағы теориялық және практикалық білімдері мен құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

## **2. Глоссарий**

Инновациялық менеджмент - бұл бәсекеге қабілетті әлеуметтік қажеттіліктерге жауап беретін және бірқатар тиімділіктер беретін (экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, технологиялық) түбегейлі жаңаша немесе өзгертілген құрал (инновация) құру мен дамытудың (іске асырудың) соңғы нәтижесі.

Көшбасшылық – топтағы жұмысты ұйымдастыру процесі, мұнда көшбасшы тыңдалатын, сенім артатын адам.

Мотивация – әрекетке деген серпін; адамның мінез-құлқын бақылайтын, оның бағытын, ұйымдастырылуын, белсенділігін және тұрақтылығын белгілейтін психофизиологиялық процесс; адамның өз қажеттіліктерін белсенді түрде қанағаттандыру қабілеті.

Педагогикалық менеджмент –жұмыс істеуі мен дамуының тиімділігін арттыруға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық әдістерінің жиынтығы.

Стратегиялық жоспарлау – бұл ұйымның мақсаттары мен оларға жету жолдарын таңдау процесі болып табылатын басқару функцияларының бірі.

Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің тұрақты сапасын қамтамасыз ету үшін жұмыс істейтін компанияны басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі болып табылады. Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) әдістемесі жүйелік және процестік тәсілдер принциптеріне негізделген

Тайм-менеджмент – уақытты басқару, тайм-менеджмент (ағылшынша «time management») – уақытты ұйымдастырудың технологиясы және оны пайдалану тиімділігін арттыру.

Цифрлық құзыреттер – технологияны тиімді пайдалану дағдылары (ақпаратты іздеу, цифрлық құрылғыларды пайдалану, әлеуметтік желі функционалдығын пайдалану, ақпаратты сыни қабылдау, мультимедиялық мазмұнды өндіру, құрылғыларды синхрондау)

### 3. Бағдарламалар тақырыптары

Модуль 1. Нормативтік-құқықтық модуль	1.1 Жоғары білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары.
Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық модуль	2.1 Білім беру ұйымы басшысының тұлғалық және кәсіби өсуінің психологиялық-педагогикалық негіздері.
	2.2 Жаңа үлгідегі басшы-көшбасшының құзырлылығы және педагогикалық этикасы
	2.3 Эмоционалдық интеллект негіздері көшбасшының тиімділігінің құралы ретінде
	2.4 Командалық мотивацияны басқару. Мотивация тәсілдері: классикалық және қазіргі заманғы. Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру технологиялары.
	2.5 Имиджология ұжымды басқару негізі ретінде. Басқару стилдері
Модуль 3. Мазмұндық модуль	3.1 Білім берудегі менеджменттің ерекшеліктері. Жоспарлау, ынталандыру және бақылау
	3.2 Жоғарғы оқу орындарын басқару: стратегиялық және тактикалық жоспарлау
	3.3 Тайм-менеджмент білім беру ұйымдарында уақытты басқару және тиімді жоспарлау жүйесі ретінде
	3.4 Жоғарғы оқу орындарын басқарудағы құжаттамалық қолдау: ҚР ISO 9001-2016 – сапа менеджмент жүйесінің талаптары
	3.5 Проблемалық, жанжалдық жағдайлар - көшбасшылық тәжірибесі. Жанжалдарды басқару
	3.6 Топтағы көшбасшылардың қызметі. Көшбасшылардың типологиясы. Ресми және нақты көшбасшы
	3.7 Ф. Шульц фон Тунның коммуникативтік моделі. Коммуникативтік модельді пайдаланып диагностика және кері байланыс жүргізу.
	3.8 Мағынасы, түрлері, негізгі принциптері және жоспарлау үрдісі.

	3.9 «SWOT»-талдау (Strengths Weaknesses Opportunities Threats) және Smart (Self monitoring analysis and reporting technology) әдістерді қолдана отырып, ұйымның жұмысын талдау және өзгерістерді жоспарлау
	3.10 Инновациялық менеджмент және оның принциптері
	3.11 ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
Модуль 4. Технологиялық модуль	4.1 Жоғары оқу орындарында басқару шешімдерін автоматтандыруға арналған бұлтты технологиялар
	4.2 Бірлескен оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы үшін танымал Web-сервистермен жұмыс істеу
	4.3 Ғылыми семинарлар, кеңестер, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру курстары кезіндегі деректер мен идеялардың визуализациясы.
Модуль 5. Вариативтік модуль	5.1 Инвестициялық менеджмент – бәсекеге қабілетті жоғарғы оқу орындарын қалыптастыру негізі
	5.2 Инфографика жасау үшін танымал веб-қызметтермен жұмыс істеу
	5.3 Жоғарғы оқу орындарында ЮНЕСКО-ның «Тұрақты даму» тұжырымдамасы мақсаттарының жүзеге асырылуы

#### 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты жаңартылған білім беру мазмұны мәнмәтінінде жоғары оқу орындары педагогикалық мамандықтары оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалған:

1) осы бағдарламаның оқу модульдері шеңберінде жоғары мектеп педагогының кәсіби дамуына психологиялық-педагогикалық қолдаудың әлемдік ғылым мен тәжірибенің жетістіктері туралы біртұтас түсінік қалыптастыру;

2) педагогикалық білім беруді модернизациялаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, оның ішінде жаңартылған білім беру мазмұны жөнінде біртұтас түсінік қалыптастыру;

3) кәсіби оқыту мен ғылыми-зерттеушілік қызметінде модельдеу және жобалаудың, сонымен қатар тұлғалық-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдеме негізінде заманауи дәріс құрудың дағдыларын жетілдіру;

4) білім алушыларда сыни және креативті ойлау, проблемалық міндеттер және жағдаяттарды тұжырымдау мен шешу білігін қалыптастыру дағдыларын дамыту;

5) педагогтың кәсіби өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау білігін қалыптастыру;

6) оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін қалыптастыру;

7) тыңдаушыларды білім беру ұйымын басқару мен стратегиялық дамытудағы менеджмент негіздерімен таныстыру;

8) тыңдаушылардың қазіргі заманғы оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы көшбасшылықтың рөлі туралы түсінігін кеңейту;

9) менеджменттің негізгі функцияларын жүзеге асырудағы көшбасшылық ұстанымдарын күшейту.

#### 5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) заманауи педагогикалық ғылым дамуының негізгі трендтерін, білім алушылардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін белсендіруге, сыни және шығармашылық ойлауды ынталандыруға, күрделі мәселелерді түсіну, қоя білу және шешуге дағдыландыруға, адами іс-әрекеттің әртүрлі салаларында, сонымен қатар тұлғааралық қарым-қатынас және әлеуметтік қатынастарда нақты мәселенің кең шоғырын шешудегі білім алушылардың функционалды сауаттылығын бағалауға бағытталған оқу үдерістерін ұйымдастырудың тәсілдемелерін, білім беру менеджментінің проблемаларын шешудің негізгі әдістерін, оқу орнында білім беруді басқаруды жоспарлаудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін біледі.

2) басқарушылық шешімдерді қабылдай және орындай алады, жоғары оқу орнының білім беру үдерісін жобалайды, формалды және формалды емес көшбасшылық пен билікті жүзеге асырады, жоспарлау және жүйелі бағалау мен рефлексия үдерістерін жетілдіруді қолдана алады, қолданыстағы білім беру жүйесінің жай-күйіне талдау жасай алады, білім беру басқармасының даму жоспарын жасайды және оны жүзеге асыру үдерісін ұйымдастыра алады.

3) жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінің мониторингісін ұйымдастыру, өткізу және талдау, заманауи ғылыми-зерттеулер негізінде білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру, педагогикалық қызметті қарқындату жағдайындағы заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, білім беру саласындағы зерттеулер жүргізу әдістерін, іс-әрекетті зерттеуді жоспарлау және жүргізу дағдыларын, білім беру және әлеуметтендіру саласындағы көшбасшылық дағдыларын меңгереді.

### 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

#### 6. Бағдарлама 5 (бес) модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1) Нормативтік-құқықтық модуль. Модульде ұсынылған тақырыптар тыңдаушыларға жоғары білім беру жүйесіндегі нормативтік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдарын игеруге бағытталған.

2) Психологиялық-педагогикалық модуль. Модуль көшбасшының тұлғалық және кәсіби өсуінің психологиялық-педагогикалық негіздері бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, басшының этикасының маңыздылығын, оның эмоционалдық интеллектісін анықтауға және мотивация арқылы ұжымды басқаруға бағытталған.

3) Мазмұндық модуль. Модуль тыңдаушылардың мақсатқа жетудегі басқару процестері ретінде жоспарлау, ынталандыру, бақылау ерекшеліктерін меңгертуге, жоғары оқу орындарында сапалы білім беру принциптерін қолдануға бағытталған.

4) Технологиялық модуль. Модуль аясында тыңдаушылар жоғары оқу орындарында басқару шешімдерін автоматтандыру үшін бұлтты технологияларды қолдану дағдыларын, веб-сервистерді, ғылыми семинарлар мен кездесулер кезінде деректер мен идеяларды визуализациялау дағдыларын жетілдіреді.

5) Вариативтік модуль. Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы тақырыптарды қамтиды. Модуль тестілеуге дайындықты қамтиды.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы арқылы анықталады.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) күндізгі оқу күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курсының ұзақтығы 80 сағатты құрайды.

2) онлайн оқыту курсы осы Бағдарламадағы оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және де екі оқу кезеңін құрайды: онлайн - 30 сағат, өз бетінше оқу (оффлайн) – 50 сағат.

Күндізгі және онлайн оқу курсының ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Күндізгі және онлайн оқытудың бір апталық курсын ұйымдастыру кезінде ОТЖ сағаттарының саны 2 есеге қысқарады.

9. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатындағы білім беру үдерісін ұйымдастыруда өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, психологиялық-педагогикалық және мазмұндық, технологиялық модуль бойынша тестілеу жүргізіледі.

10. Оқу үдерісі оқытудың келесі әдістері мен интербелсенді түрлерінен тұрады: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, тренинг, кейс әдісі, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, сонымен қатар вебинар, онлайн кеңес беру, және тыңдаушының оқытушымен өзіндік жұмысы, шағын топтардағы жұмыс, оқыту ойындары, кері байланыс, күрделі және дискуссиялық сұрақтар мен мәселелерді талқылау, шеберлік сыныбы, жоба қорғау.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін ОӘК бағдарламасына енгізілетін бағалау критерийлері мен Бағдарламаның мазмұнын игеру өлшемдері әзірленеді.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

Модуль 1. Нормативтік модуль.

Модульдің өзектілігі жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттары, жоғары білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын бейнелейтін нормативтік құқықтық актілер туралы білімді қалыптастыруда.

Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық модуль

Модульдің өзектілігі жоғары оқу орындары оқытушыларының басшының тұлғалық және кәсіби өсуінің психологиялық-педагогикалық негіздері, басшының этикасы, оның эмоционалдық интеллектісі саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда.

Модуль 3. Мазмұндық модуль

Модульдің өзектілігі әдістемелік және тәжірибелік құзыреттіліктерді дамытуда, қазіргі жағдайда білім беру мекемесінің бәсекеге қабілеттілігін құрудағы көшбасшылық рөлін түсінуде.

Модуль 4. Технологиялық модуль.

Модульдің өзектілігі заманауи ІТ технологияларды қолдануда практикалық дағдыларды дамытуда.

Модуль 5. Вариативті модуль.

Модульдің өзектілігі оқытылатын курста алған білімдері мен дағдылары негізінде тыңдаушылардың рефлексиялық дағдыларын қалыптастыруда.

## Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Деріс	Таңдау дерісі	Тренинг	Практикалық сабақ	Семинар	Жоба қорғау	Тестілеу	Барлығы
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	2			2				4
1.1	Жоғары білім беру жүйесіндегі нормативтік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары.	2			2				4
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	4		4	4	2			14
2.1	Білім беру ұйымы басшысының тұлғалық және кәсіби өсуінің психологиялық-педагогикалық негіздері.	2							2
2.2	Жаңа үлгідегі басшы-көшбасшының құзырлылығы және педагогикалық этикасы					2			2
2.3	Эмоционалдық интеллект негіздері көшбасшының тиімділігінің құралы ретінде	2			2				4
2.4	Командалық мотивацияны басқару. Мотивация тәсілдері: классикалық және қазіргі заманғы. Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру технологиялары.			2	2				4
2.5	Имиджиология ұжымды басқару негізі ретінде. Басқару стилдері			2					2
3.	Мазмұндық модуль	10		18	12	4	4	2	50
3.1	Білім берудегі менеджменттің ерекшеліктері. Жоспарлау, ынталандыру және бақылау	2			2				4
3.2	Жоғарғы оқу орындарын басқару: стратегиялық және тактикалық жоспарлау			2	2				4
3.3	Тайм-менеджмент білім беру			2		2			4

	ұйымдарында уақытты басқару және тиімді жоспарлау жүйесі ретінде								
3.4	Жоғарғы оқу орындарын басқарудағы құжаттамалық қолдау: ҚР ISO 9001-2016 – сапа менеджмент жүйесінің талаптары	2			2	2			6
3.5	Проблемалық, жанжалдық жағдайлар - көшбасшылық тәжірибесі. Жанжалдарды басқару			2	2				4
3.6	Топтағы көшбасшылардың қызметі. Көшбасшылардың типологиясы. Ресми және нақты көшбасшы			2	2				4
3.7	Ф. Шульц фон Тунның коммуникативтік моделі. Коммуникативтік модельді пайдаланып диагностика және кері байланыс жүргізу.	2		2					4
3.8	Мағынасы, түрлері, негізгі принциптері және жоспарлау үрдісі.	2		2					4
3.9	«SWOT»-талдау (Strengths Weaknesses Opportunities Threats) және Smart (Self monitoring analysis and reporting technology) әдістерді қолдана отырып, ұйымның жұмысын талдау және өзгерістерді жоспарлау			4	2				6
3.10	Инновациялық менеджмент және оның принциптері	2		2					4
3.11	ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау						4	2	6
4.	Технологиялық модуль			4	2	2			8
4.1	Жоғары оқу орындарында басқару шешімдерін автоматтандыруға арналған бұлтты технологиялар			2		2			4
4.2	Бірлескен оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы үшін танымал Web-сервистермен жұмыс істеу				2				2
4.3	Ғылыми семинарлар, кеңестер, профессорлық-оқытушылық			2					2

	құрамның біліктілігін арттыру курстары кезіндегі деректер мен идеялардың визуализациясы.								
5.	Вариативтік модуль		4						4
5.1	Инвестициялық менеджмент – бәсекеге қабілетті жоғарғы оқу орындарын қалыптастыру негізі								
5.2	Инфографика жасау үшін танымал веб-қызметтермен жұмыс істеу								
5.3	Жоғарғы оқу орындарында ЮНЕСКО-ның «Тұрақты даму» тұжырымдамасы мақсаттарының жүзеге асырылуы								
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	16	4	26	20	8	4	2	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

#### Онлайн оқыту курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыбы	Дәріс	Онлайн кеңес	Вебинар	Жоба қорғау	Тестілеу	Тыңдаушыны өз бетінше оқыту	Барлығы
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	2					2	4
1.1	Жоғары білім беру жүйесіндегі нормативтік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен ұстанымдары.	2					2	4
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	4	2				8	14
2.1	Білім беру ұйымы басшысының тұлғалық және кәсіби өсуінің психологиялық-педагогикалық негіздері.						2	2
2.2	Жаңа үлгідегі басшы-көшбасшының құзырлылығы және педагогикалық этикасы		2					2
2.3	Эмоционалдық интеллект негіздері көшбасшының тиімділігінің құралы ретінде						2	2
2.4	Командалық мотивацияны басқару. Мотивация тәсілдері: классикалық	2					2	4

	және қазіргі заманғы. Мотивация философиясы. Мотивация және өзін-өзі реттеу. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру технологиялары.							
2.5	Имиджиология ұжымды басқару негізі ретінде. Басқару стилдері	2					2	4
3.	Мазмұндық модуль	4	4	2	4	2	34	50
3.1	Білім берудегі менеджменттің ерекшеліктері. Жоспарлау, ынталандыру және бақылау						4	4
3.2	Жоғарғы оқу орындарын басқару: стратегиялық және тактикалық жоспарлау	2					2	4
3.3	Тайм-менеджмент білім беру ұйымдарында уақытты басқару және тиімді жоспарлау жүйесі ретінде		2				2	4
3.4	Жоғарғы оқу орындарын басқарудағы құжаттамалық қолдау: ҚР ISO 9001-2016 – сапа менеджмент жүйесінің талаптары	2					4	6
3.5	Проблемалық, жанжалдық жағдайлар - көшбасшылық тәжірибесі. Жанжалдарды басқару			2			2	4
3.6	Топтағы көшбасшылардың қызметі. Көшбасшылардың типологиясы. Ресми және нақты көшбасшы						4	4
3.7	Ф. Шульц фон Тунның коммуникативтік моделі. Коммуникативтік модельді пайдаланып диагностика және кері байланыс жүргізу.						4	4
3.8	Мағынасы, түрлері, негізгі принциптері және жоспарлау үрдісі.						4	4
3.9	«SWOT»-талдау (Strengths Weaknesses Opportunities Threats) және Smart (Self monitoring analysis and reporting technology) әдістерді қолдана отырып, ұйымның жұмысын талдау және өзгерістерді жоспарлау		2				4	6
3.10	Инновациялық менеджмент және оның принциптері						4	4
3.11	ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін				4	2		6

	анықтау							
4.	Технологиялық модуль			4			4	8
4.1	Жоғары оқу орындарында басқару шешімдерін автоматтандыруға арналған бұлтты технологиялар			2				2
4.2	Бірлескен оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы үшін танымал Web-сервистермен жұмыс істеу						2	2
4.3	Ғылыми семинарлар, кеңестер, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру курстары кезіндегі деректер мен идеялардың визуализациясы.			2			2	4
5.	Вариативтік модуль		2				2	4
5.1	Инвестициялық менеджмент – бәсекеге қабілетті жоғарғы оқу орындарын қалыптастыру негізі							
5.2	Инфографика жасау үшін танымал веб-қызметтермен жұмыс істеу							
5.3	Жоғарғы оқу орындарында ЮНЕСКО-ның «Тұрақты даму» тұжырымдамасы мақсаттарының жүзеге асырылуы							
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	10	8	6	4	2	50	80

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатындағы білім беру үдерісін ұйымдастыруда өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, тестілеу жүргізіледі.

Жобаны бағалау критерийлері:

- 1) Теориялық және практикалық сабақтардың көлемі.
- 2) Тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі.
- 3) Креативтілік.
- 4) Нақты проблемаларды шешу үшін білімді пайдалана білу.
- 5) Өз мәтіні мен таныстырылымын тақырыпқа сай және қисынды құра білу.
- 6) Шешендік қабілет.

### Жобаны бағалау критерийлері

№	Бағалау критерийлері	Балдар	Түсініктемелер
1	Зерттеу проблемаларын тұжырымдау. Проблемалардың маңыздылығы мен өзектілігі		

2	Қойылған проблемалардың жоба мақсаттары мен міндеттеріне сай келуі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау, қисындылығы мен дәйектілігі		
4	Жоба тақырыбы мазмұнының сай болуы: - проблеманы ашу деңгейі; - жоспарға сай болуы.		
5	Жұмыстың келешегі: - жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық ұстанымдарды пайдалану		
7	Шешендік шеберлік		
8	Сұрақтарға жауаптар		
9	Шығармашылық ұстаным		
	Балдар саны		

Балдар жиынын дәстүрлі бағалау нормаларына мына схема бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

«5» (өте жақсы) бағасы 17-20 балл жиынына қойылады.

«4» (жақсы) бағасы 14-16 балл жиынына сай келеді.

«3» (қанағаттанарлық) бағасы 10-13 балл жиынына сай келеді.

#### Өзіндік жұмысты жазуға қойылатын талаптар

Өзіндік жұмыстар оқытылған модуль бойынша тапсырмалардың бірін таңдап орындау және кейін оны тьютордың тексеруіне жіберу. Орындалған жұмыс MS Word, MS Power Point форматында рәсімделеді.

Білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін төмендегідей параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылған модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеруі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындағанда теориялық білімді қолдануы;
- 3) ұсынылған материалдың практикалық ерекшелігі;
- 4) ұсынылған мәселенің толық және нақты негіздемесі;
- 5) талапқа сай рәсімделуі.

Тыңдаушының өзіндік жұмысты орындау бойынша білімі бағасы баллдық бағаны бесбалдық жүйеге ауыстыруымен жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл, (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%).

### **9. Курстан кейінгі сүйемелдеу**

Курстан кейінгі қолдау жүйесінде жоғары оқу орындарының оқытушыларын қолдау шаралары мыналар арқылы жүзеге асырылады:

- консультациялар, онлайн іс-шараларды өткізу;
- электронды пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамының тәжірибесін зерделеу. Қажет болған жағдайда курстың кураторы (оқытушы) қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз етеді.
- облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға (конференция, семинар, вебинар және т.б.) қатысу арқылы жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби өсуін зерттеу; облыстық, республикалық басылымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында мұғалімдердің мақалаларын (бірлескен авторлық болуы мүмкін) жариялау; әдістемелік нұсқауларды жариялау.

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы;
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.
3. Дашкова И. А., Ткаченко И. В., Захарченко Н. С. Менеджмент. Методы принятия управленческих решений. — М.: Юрайт. 2020. 276 с.
4. А.М.Ким, Н.Н.Хон, А.Т.Садыкова, Ж.К.Айдосова, А.В.Ли, Д.Б.Ахметова «Диагностика и развитие эмоционального интеллекта» Алматы: Қазақ университеті, 2016№ -182 с.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект на работе. М. : АСТ МОСКВА: Владимир: ВКТ, 2010.
6. Балабанов, В.С. Инновационный менеджмент. РАО / В.С. Балабанов. - М.: ЭЛИТ, 2017. - 322 с.
7. Михненко П. А. Теория менеджмента. — М.: Издательский дом Университета "Синергия". 2018. 518 с.
8. Шабанов С. Эмоциональный интеллект. Российская практика [Электронный ресурс]: / Шабанов С., Алешин А. — Электрон. дан. — М. : Манн, Иванов и Фербер, 2014. — 424 с.
9. Гумметова А.Ю., Ступина Е.В. Кейс-метод как современная технология личностно-ориентированного обучения // Образование в России. 2010.
10. Джулаева А.М., Мухтарова К.С., Нурсейтова Г.Б., Купешова С.Т. Управление проектами. - А.: «Қазақ университеті», 2014.
11. Полат Е.С. Метод проектов. [Электронный ресурс] / Е.С. Полат. – <http://www.ioso.ru/distant/project/meth%20project/metod%20pro.html>.

12. Bloom, B. (1964). Taxonomy of Educational Objectives: the classification of educational goal. Longman.

13. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учебное пособие. –М.: 2007.

Қосымша әдебиеттер:

14. Федунец Н. И., Ярошук И. В. Применение мультимедийных технологий в образовании. –М.: 2006.

15. Кетс де Врис М. Мистика лидерства: Развитие эмоционального интеллекта [Электронный ресурс] : учебное пособие. — Электрон. дан. — М. : Альпина Паблшер, 2012. — 280 с.

16. А.А.Востриков, А.А.Табидзе. Эмоциональный интеллект. Культура эмоций. Курс психотехники эмоциональной саморегуляции, самопсихомоделирования и жизненного оптимизма. Учебное пособие с учебными аудио-сеансами. Томск, изд-во «Продуктивная педагогика». 2007. – 228 с.

17. Манойлова М.А. Развитие эмоционального интеллекта будущих педагогов. Учебное пособие. Псков: ПГПИ, 2004 г. -60 стр.

18. Балакаева Г.Т., Токмагамбетов А.Ш., Оспанов С.И., Курманов Б.К., Джантемирова Д.С. Методические указания к прохождению курса повышения квалификации преподавателей педагогических специальностей вузов. –Алматы, РИПК СО, 2013.

19. Смолянинова, О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода Case Study // Инновации в российском образовании: сб.- М.: ВПО, 2000.